

Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (аудандық кезен)

II тур
9-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Ай, Абылай, Абылай, Жеңбеген жауың қалмады-ау, Алмаған жерің аз қалды-ау. Бетке алсаң әсте қоймадың, Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Өлеңнің түрі, жанры, үзіндіде қолданған көркемдік тәсіл туралы айтыңыз.
2.	Қазақ әдебиеті	а) Болжал өлеңдер. ә) Тарихи жыр.
3.	Қазақ тілі	1. Публицистикалық стильдің сипаттары мен тілдік белгілерін атаңыз. 2. Ауызекі сөйлеу стилінің басқа стильдерден өзгешелігі неде? 3. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыратын амал-тәсілдерді атап, мысал келтіріңіз. 4. Себеп-салдар салаластың жасалу жолдарына тоқталыңыз. Мысалдармен дәлелдеңіз. 5. Берілген сөйлемдердің құрылымдық және мағыналық түрлерін ажыратып, жасалу жолын түсіндіріңіз: а) <i>Ересек адам бәріне төзер-ау, балаларға қиын болады екен. (Д.И.)</i> ә) <i>Олардың бұтақтарынан алма мен алмұрттың, өрік пен інжірдің, шие мен шабдалының неше сорттарын кездестіресің. (С.М.)</i> б) <i>Бұл – қыпшақ мүсіншілерінің қолынан шыққан бұйымдар, олар ылғи да аңның бейнесін құйған (Д.Д.)</i> в) <i>Жұмабай ара-тұра хат жазады, бірақ амандық-саулықтан басқа ештеңе айтпайды. (С.М.)</i>
4.	Қазақ тілі	Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

		<p><i>Атасы он жасар ұлымен далада келе жатып, баласынан сұрады:</i></p> <p>–Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?</p> <p>–Көремін, өрмек тоқып жүр.</p> <p>–Анау құмырсқаны көремісің?</p> <p>–Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.</p> <p>–Жоғары қара, аспанда не көрінеді?</p> <p>–Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар. Сонда атасы айтты:</p> <p>– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, – деді.</p> <p><i>(Ыбырай Алтынсарин «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» аңгімесі)</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтіндегі негізгі ойды бір мақалмен немесе нақыл сөзбен түйіндеңіз. 2. Мәтін стилін анықтаңыз. 3. Мәтіндегі сұраулы сөйлемдердің түрін анықтаңыз.
5.	Тіл мәдениеті	<p>Жағдаяттық тапсырма.</p> <p>Бір күні сендерге данышпан қария жолығып, ақыл, байлық т.б. қасиеттердің біреуін таңдауларыңды сұрайды. Сендер қайсысын таңдар едіңдер?</p>

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут